

Акимат Западно-Казахстанской области
Управление культуры, архивов и документации
Управление внутренней политики
Западно-Казахстанский центр истории и археологии
Общественный фонд науки и образования «Акжол»

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

ОТ ИСТОКОВ – К СОВРЕМЕННОСТИ

*материалы международной
научно-практической конференции*

Уральск - 2015

Рысқалнев Т.Х.

*философия ғылымдарының докторы, профессор
Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті
(Орал қ., Қазақстан)*

ТАРИХ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР ҚАҒИДАЛАРЫ

Мен философ ретінде тарих ғылымының өзіндік мәселелеріне тоқталып жатпаймын. Қазақ хандығының тарихын да тарихшы мамандар жан-жақты қарастырып жатыр.

Мен тарихтың философиялық түсінігі, философия мен тарих ғылымының ішкі байланысы туралы өз ойымды білдірмекпін.

Қазақ хандығының, қазақ мемлекеттігінің 550 жылдығына арналған ғылыми конференцияның Жәңгір хан атындағы аграрлық-техникалық университетінде өткізілуі, менің ойымша, символдық мәні бар, орынды шара болып табылады. Облысымыздағы екінші жоғары оқу орны Махамбеттің есімімен аталады. Бұл да - өте орынды. Өйткені Махамбет тарихта ғана емес, әдебиетте де, философияда да ерекше орын алатын құбылыс.

Күні кешеге дейін біз бұл тарихи тұлғаларды біріне бірін қарсы қойып келдік. Махамбетті дәріптедік, ал Жәңгір ханды айыптаумен болдық. Заман өзгерді. Енді біздің хандарға, билерге деген көзқарасымыз өзгеріп жатыр. Кез келген адам кездейсоқ хан болып, ел билей алмайды екен. Бұл үшін арнайы тәрбие, оқу-үйрену мектебінен өту керек. Лениннің бір сөзі бар: жаңа социалистік қоғамда қарапайым аспазшы да ел басқаратын болады деген. Өкілетті органдарға сайланып, билікке араласады дегені ғой. Махамбет те қараны ханға теңеп бергісі келді. Жоқ. Бұл тарихқа қайшы келетін әрекет болар еді.

Қазір біз Жәңгір ханды кінәлаудан гөрі оның тарихи еңбегін, ел билеу ісіндегі жаңашылдығын, реформаторлығын,

ағартушылығын, халқын шатты, мәдениетті тұрмысқа жеткізбек болған әрекетін баса көрсетіп жатырмыз. Біздің университетімізге үкімет тарапынан Жәңгір ханның есімі берілуі сол тарихқа деген жаңа көзқарастың көрінісі.

Махамбет, сөз жоқ, – тарихи тұлға: арқалы ақын, жез таңдай шешен, қол бастаған көсем, батыр. Сол сияқты Жәңгір хан да – тарихи тұлға. Мұндай дара тұлғалардың ойлары да, мүдделері де сәйкес келе бермейді. «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» деген қазақтың бейнелі сөзі бар. Махамбет пен Жәңгірге олар өмір сүрген орта да, заман да тарлық етті. Сөйтіп, тағдыр екеуін бір-біріне қарсы қойды. Философиялық тұрғыдан нақты қарама-қарсы нәрселер бірін бірі жоққа шығарып, бірімен бірі күресіп қана қоймайды, бірін бірі керек қылып, бірін бірі анықтап тұрады. Сол сияқты Жәңгір хан мен Махамбет те қазақ тарихында қатар тұратын, бірінің атын бірі шығарған кесек тұлғалар.

Еліміз егемендік алып, өз бетінше өмір сүріп, аяғынан тіктұра бастаған сәтте-ақ мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев көпшілік бірден түсіне қоймаған оқыс қадамдар жасады: астананы Алматыдан көшіріп, Қазақстанның қақ ортасында жаңа астана құру керек деді. «Бәрін де кадрлар шешеді» деп, «Болашақ» бағдарламасын ұсынып, жастарымызды әлемдегі танымал оқу орындарына оқуға жіберді. «Қазақ өзін өзі танысын» деп, «Мәдени мұра» бағдарламасын қабылдап, жер-жерден қазақ тарихына, қазақ мәдениетіне қатысты деректерді, материалдарды, жәдігерлерді елге алдырды. Бұл бағдарламаларды жүзеге асыру үшін мемлекет қыруар қаржы жұмсады. Ақталды ма осы шаралар? Ақталғаны сондай, ойдағыдан асып шықты. Сөйтіп, біз еліміздің мүмкіндігі зор екеніне, Елбасының алдағыны болжап көре білетін қабілетіне, халқымыздың шыдамдылығына, қиын-қыстау жағдайларды түсіне білетініне куә болдық.

«Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы біз, шынында да, өзімізді өзіміз тани бастадық. Біз кеңес дәуірінде Қазақ ССР-

ның тарихын жақсы білетін едік. Соңғы кезде Қазақстан тарихын да оқып, үйрете бастадық. Бірақ біз, көпшілігіміз қазақ тарихын, өзіміздің ұлттық тарихымызды жете білген жоқпыз.

«Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» деген мемлекеттік бағдарламалар көп нәрселерге біздің көзімізді ашты. Қазақ деген тарихи халық екен, ғасырлар бойы, тіпті мыңжылдықтар бойы қазақ халқы өз жерінде тәуелсіз, жайлы өмір сүрген екен, басқа елдермен тең дәрежеде тиімді қарым-қатынас орнатқан екен. Қазақ тарихында, Елбасы атап көрсеткендей, ұялатын ештеңе жоқ екен. Керісінше, қазақ тарихы еркіндікті аңсаған, еркіндікке қолы жеткен, ұланғайыр байтақ жерді мекен етіп, көздің қарашығындай сақтап, бүгінгі ұрпағына жеткізген, арасынан көсемдер де, шешендер де, даналар да, батырлар да шыққан халықтың тарихы екен. Біз тарихымыз үшін ұялмай, керісінше, тарихымызды мақтан етіп, бұл жағынан да өркениетті елдердің қатарынан орын алатын боламыз.

Өздерін өркениеттің, мәдениеттің, ғылымның ошағымыз деп дәріптейтін еуропалықтардың көпке дейін көшпелілерді елемей, менсінбей, олар ештеңе құрған жоқ, керісінше құрылған мәдениетті «жегі құрттай» құртумен болды деген көзқарасы бүгін де келмеске кетті. Көшпелілердің де тарихы бар, көшпелілер де өзіндік төл мәдениетін, өркениетін құрған. Көшпелі өмір салты сонау атам заманында сақтарға, одан кейін қазақтарға Ұлы Даланы игеруге мүмкіндік берді. Көшпелі өмір салтының тарихтағы ролін, өміршең үлгілерін адамзат бүгін қазақ халқының тарихынан тани алады. Көшпелілер табиғатпен қалай үйлесімді қарым-қатынас жасаған, қандай шаруашылықпен айналысқан, қалай ел басқарған, қалай елін, жерін жаудан қорғаған, басқыншыларды қалай бауырына тартып, бойына сіңіріп, қандастарына айналдырған, қандай озық әдет-ғұрыптарды, дәстүрлерді дүниеге әкелген, қалай осы кезге дейін мәнін жоймаған дала демократиясын құрған, қалай

ұрпақ тәрбиелеген, қандай дінді бетке ұстаған – осының бәрі тарихи маңызы бар үлгілер мен тәжірибелер.

Тарихта қайталану орын алады. Әрине, басқа түрде, жаңа күйде. «Дәстүр тозбайды» дейтін қытай даналығы талай мәрте өзін өзі ақтаған. Тарихқа жүгіну керек. Тарихты қайта парақтау керек.

Тарихтан үйрену үшін тарихқа деген айрықша ілтипат керек. Тарихта болған оқиғаларды, әртүрлі жағдайларды, тарихта аты қалған жағымды – жағымсыз кейіпкерлерді мадақтау немесе даттау жеткіліксіз, оларды түсіну керек, түсінуге тырысу керек. Сол кездегі қалыптасқан жағдайды, оған ықпал еткен ішкі – сыртқы, объективті – субъективті факторларды тегістей талдап көру керек.

Тарихтан үйреніп, сабақ алу үшін тарихқа өткен шақ деп немқұрайлы қарауға болмайды. Тарих деген тұтас процесс. Біздің бүгінгі жағдайымыз сол өткен шақтың – кеңес дәуіріне дейінгі, кеңес кезіндегі жағдайдың - жалғасы, салдары. Біз бүгін ертеңгі болашағымыздың кірпіштерін қалап жатырмыз.

Тарих - адамзат тәрбиешісі, тек тарихта жинақталған тәлім - тәрбиені ала білу керек. Тарих кез келген адамға өз тағылымын жайып салмайды. Тарих адамға бейтарап, объективті процесс болып көрінеді. Сондықтан адам, қоғам тарихты өзіне серік, ақылы қыла білуі керек. Ұлы ақын ғана емес, терең ойшыл А.С.Пушкиннің өнегелі сөзі бар: «Естіліктің тағылықтан айырмашылығы – дейді, - тарихқа құрметпен қарай білетінінде».

Азаттық, еркіндік деген не? Бодандық деген не? Ұлттық астамшылық, шовинизм деген не? Тоталитарлық жүйе деген не? Осының барлығын біз тарихтан ғана білеміз.

Тарих дегеніміз өне бойы алға жылжи беру емес. Тарихта кері кету де, жүрген жолдан ауытқу да болып тұрады. Грек данасы Фалестен шәкірттері сұрайды: - Ең ақылды нәрсе не? – деп. Сонда философ: - Уақыт деп жауап береді. Уақыт –

тарихтың өлшемі. Тарих бәрін орын орнына қояды. Біз кеше «Маркс немесе Ленин қателеседі» деп ойладық па? Оларды Құдайдай көрдік қой. Қазір біліп жатқанымыздай, олар да адам баласы екен, олар да қателеседі екен. Бірақ олардың өнегелі ілімі, істері ғана емес, қателіктері де адамзатқа үлгі. Жиі-жиі кездесетін қателік - бұрынғылардың қателігін ескеріп, олардан ұшты - күйлі бас тарту. Классиктер, тарихи тұлғалар тарихта мәңгібақи қалады.

Тарихты елемей, тарихпен санаспау адамды да, қоғамды да, билікті де талай-талай тығырыққа апарып тіреген болатын. Тарихқа топырақ шашсаң, - дейді халық даналығы, - болашақ саған тас лақтырады. Тарихты білмесек, келешекті қалай болжауға болады?

Философия – тарихшыл көзқарас. Ол өне бойы тарихқа жүгінеді, тарихтан нәр алады. Философиядағы даналық, тәлімгерлік ойлар жоқтан бар болған жоқ, адам мен қоғам өмірінен, өмір тәжірибесінен, демек, тарихтан алынған. Әр кезде пайда болған философиялық идеялардың, ұғымдардың, категориялардың негізінде тарих жатыр. Философияны адам, қоғам тарихымен бірге мәдениет тарихы да, әдебиет пен өнер тарихы да, ғылым тарихы да, дін тарихы да қызықтырады.

Басқа ғылымдар өне бойы алға ұмтылып, бір сатыдан келесі жоғары сатыға, жалғаннан ақиқатқа, дәл емес, толық емес білімнен дәлірек, толығырақ білімге жеткісі келеді. Олардың артқа көз тастап, өткен жолын шолып шығуға ынтасы да, уақыты да болмай жатады. Философия үшін алға жылжудың тиімді шарты өткенге көз тастау, тарихпен санасу болып табылады.

Маркс пен Энгельс «Неміс идеологиясында» орынды атап көрсетеді: «Біз тек бір ғылымды ғана білеміз – тарих ғылымын». Ғылым – дамыған, жетілген сана формасы. Ал жетілген сана – бұл өзіндік сана, яғни тарихи сана. Ол өзінің қандай жолдан өткенін, қазір қандай болғанын біледі.

Философия, дейді Гегель, – «оймен өрнектелген дәуір». Былайша айтқанда, тарихты оймен шолу. Философияның тарихқа жақындығын сипаттай келіп, Гегель философияны Рим мифологиясындағы даналық құдайы Минерваның үкісіне теңейді. Минерва даналықты тарихтан іздейді. Өткенді, болып кеткен нәрселердің мән-жайын білу үшін қасында мүлгіп отырған үкіні жұмсайды. Үкі - түнде әрекет жасайтын құс. Тарих та - түн, болып кеткен нәрсе. Философия тарихты танып түсіну арқылы оның сабақтарын талдайды, тағылымын жасайды. Философия тарихтан мән-мағынаны, жөн-жосықты, қисынды, логиканы іздейді.

Философиялық тұрғыдан тарихты танып қою, әртүрлі оқиғалар жөнінде мағұматтар, деректер жинау аз. Мәселе сол деректердің мәнін ашуда, тарихты түсінуде. Тарих ғылымы, тарихты баяндайтын туындылар кейде жиналған деректер деңгейінде қалып қояды, тарихи процесті суреттеумен, баяндаумен шектеледі. Тарихтың тағылымы, қисыны, логикасы ашылмай қалады.

Басқа ғылымдар сияқты тарих та өз пікірлерінің объективті болғанын қалайды, болған нәрселерді сол күйінде суреттеуге тырысады. Физикада, биологияда бұл принцип орынды болып табылады. Бірақ тарихта, адамдардың қарым-қатынасын, іс-әрекетін бейнелейтін ғылымда процесті сол күйінде баяндау, «таза» деректерді тізіп теру жеткіліксіз. Француз этнографы Клод Леви – Стростың пікірінше, тарихшы болған оқиғаларға баға бермей тұра алмайды: «тарих ешқашанда бірдеңенің жай тарихы емес, ол әрқашанда бірдеңе үшін баяндалған тарих болып табылады» - дейді. Тарихты талдағанда философия үшін маңызды нәрсе оқиғалардың себебі мен салдары, мәні мен мағынасы, тәрбиелік тағылымы.

Жоғарыда біз тарихты танып қою аз, тарихты түсіну керек, мағынасын ашу керек дедік. Тарихтың түсінігін тарихтан ғана емес, одан да гөрі философиядан іздеуге тура келеді. Бұл ара-

да бізге Вольтер, Гегель, Чаадаев, Маркс, Макс Вебер сияқты философтар көмекке келеді.

Тарих деген өз алдына, өздігінен, адамнан тыс, адамның арт жағында жүріп жатқан процесс емес. Тарихты жасайтын адам. Бірақ қандай адам? Өзін өзі таныған, өзіне «Мен» деп қарайтын, өзінің дүниедегі орнын тапқан, не үшін өмір сүріп, не үшін әрекет жасайтынын білетін адам. Мұндай есті адам ешкімге де, ештеңеге де құрал болмайды. Өкінішке орай, тарих субъекті болып табылатын мұндай адам дүниеде сирек кездеседі. Сондықтан біз тарихтан, тарихи еңбектерден нақты адамды таба алмай қиналамыз. Сондықтан да тарихтың субъекті деп халықты, бұқараны алға тартамыз.

Маркстің, Лениннің ілімінде халық бұқарасы тарихтың шешуші күші деп есептелді. Түсінікті жайт. Талай-талай тарихи тұлғалардың атын шығарған артына ерген елі, халқы, әскері. Бірақ маркстік-лениндік ілім халық бұқарасын, атап айтқанда, пролетариатты, жұмысшыларды тым әсірелеп, дәріптеп көрсетуге тырысты. Бұқара да өздігінен тарихты жасай алмайды. Ол көбіне, Маркс айтқандай, өзін өзі білмейтін, өзін субъект емес, объект деп есептейтін топ («класс в себе»). Мұндай бұқараны субъект («класс для себя») қылатын, көзін ашатын партия, идеологтар, жекелеген көшбасшылар. Бұқара туралы неміс философы Ф.Ницшенің пікірі бар: бұқара, біріншіден, ұлылардың, тарихи тұлғалардың солғын көшірмесі, екіншіден, ұлыларға қарсы тұратын қара күштің иесі, үшіншіден, ұлылардың идеясын жүзеге асыратын құрал.

Біз әдетте, көпке, көпшілікке ден қоямыз. Көптің пікірі дұрыс деп есептейміз. Бірақ әрқашанда бұлай бола бермейді, көп те қателеседі, адасады. Көпшілік көбіне жай топ, тобыр болып, ештеңені шешпейді. Көп біріне бірі сеніп, істің мәнжайы туралы ойланып жатпайды. Ойлайтындар, әдетте, даралар. Абай өзінің 37 қара сөзінде: «Көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал» дейді. Абай көкейкесті ойларын жұртқа,

көпшілікке арнаса да, көптің жайын түсінген, дараларды тани білген ойшыл.

«Единица - жақсысы,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде
Не болады өңкей нөл? – дейді.

Абайдың «единица» деп тұрғаны - дара тұлға, көшбасшы. Қазіргі заман да осындай тұлғаларға зәру. Ойшылдың «өңкей нөл» деп тұрғаны – көпшілік, топ, өз сөзімен айтсақ, «тобыр, дүрмек».

Тарихты жасайтын адам дегенде әңгіме тек тарихи тұлғалар туралы болып тұрған жоқ. Тарихқа әркімнің де қатысы бар. Тарих деген тек қана соғыс, төңкеріс, көтеріліс емес. Қарапайым еңбек те: мал бағу, егін егу, үй тұрғызу, кен өндіру, бала оқыту, адамды емдеу - осының бәрі – тарих. Мұнымен айналысып жүрген адамдар өздерінің тарихқа қатысын ескермеуі де мүмкін. Бірақ объективті түрде тарих осындай істерден де құралады. Қазан төңкерісіне дейін шығып тұрған «Қазақ» газетінде Алаш зиялылары - А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Міржақып Дулатов: «Осы күнгі істеп жүрген ісіміз, қылған жұмысымыз, мінез-құлқымыз, сөздің бәрі кейінгілерге тарих болып қалады», - деп жазған екен. Зиялылар сол газетте тарихқа немқұрайлы қарауға болмайтынын да ескертеді: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғанын, не істеп қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады».

Философияның, көптеген философтардың көздеген мақсаты - бейнелі түрде айтқанда, адамды, халықты ұйқыдан ояту, көзін ашу, жайбарақаттықтан, немқұрайлықтан арылту.

Бұл үшін адамның ақыл-есіне, жадына ықпал ету керек. Сол үшін де тарихқа жүгінуге тура келеді. Қазақта сөз бар: «Тірілер өлген адамның көзін жабады, өлілер тірі адамның көзін ашады».

Тарихта да мәнді, мәнсіз құбылыстар және олар жөнінде әр алуан деректер бар. Мәселе - оларды үйін-төгіп жинау емес, оларды сұрыптау, талдау, рефлексиялық шолудан өткізу. Неміс философы Хайдеггердің өкінішпен айтқан сөзі бар: «ғылым ойланып жатпайды» - деп. Бұл пікірдің тарих ғылымына да қатысы бар. Тарих туралы, өткен-кеткен туралы ойланып - толғану - философияның ісі. Тарихта болған адамдардың, оқиғалардың қайсысын үлгі тұтып, қайсысын қайталамау керек? Гегельдің де өкінішке толы пікірі бар: тәжірибеден, тарихтан байқағанымыз, халықтар да, билік басындағылар да ешқашанда тарихтан ештеңе үйреніп көрген жоқ, тарих сабақтарына сай әрекет жасай білген жоқ. Бірақ осылай бола береді деуге болмайды. Адам да, қоғам да тарихтан үйренуге мәжбүр болады.

Кеңес дәуірінде нарықты, бәсекені, жеке меншікті, демократияны социализмге жат елдердің тәжірибесі деп елемеп едік. Енді келіп, соларды өмірге енгізе алмай, әуре болып жатырмыз. Кеше біздер, коммунистер қасиетті дініміз бен киелі кітаптарымыздан бас тарттық. Бүгін келіп, діни сауатымызды ашамыз деп, мешітке барып, молдалар мен имамдардың алдына жүгініп жатырмыз.

Тарихта бәрі қайталанады екен. Тек Маркс айтқандай, бірде трагедия, бірде фарс болып, яғни сайқымазақ күйде. Кешегі діннен безген коммунист - атеистер бүгін қажыға барып, молда болып, басқаларды үйретіп жатыр. «Дүние - дөңгелек» деген осы.

Тарих дегеніміз адамдардың іс-әрекеті және соның нәтижесі дедік. Соған қарамастан тарихтың да адам еркіне бағынбайтын өзіндік заңдары бар. «Тарихтың барысы қандай болатын болса да, - деп атап көрсетеді Ф.Энгельс, - адамдар оны былай істейді:

әркім саналы түрде алға қойған өз басының мақсаттарын көздейді, ал осы әр түрлі бағытта қимыл жасайтын көптеген талаптардың және олардың сыртқы дүниеге жасайтын әр алуан әсерлерінің жалпы қорытындысы - нақ осының өзі тарих болып табылады».

Француз философы Вольтер де, Гегель де, Энгельсте атап өткен тарих тағылымына тән мынадай да тосын жайттар болады: адамдардың алдына қойған мақсаты мен оны жүзеге асыруға бағыттаған әрекеттің нәтижесі сәйкес келе бермейді. Кейде тіпті адам қаламаған және күтпеген жағдайлар болады. Римнің ірге тасын қалаған Ромуль, - дейді Вольтер, - бұл қаланы готт патшалары мен епископтары үшін тұрғызғанын білген жоқ. Александр Македонский өз атымен атаған қаланың түбі түріктердің қол астында болатынын, ал Константин өзі тұрғызған Константинопольдің түбі Екінші Махмұдтың билігінде болатынын білген жоқ. Горбачев бастаған қайта құру жобасы, әрине, Кеңес Одағын құлатуға бағыттаған жоқ, керісінше, оны күшейтудің амалы еді. Нәтижесі, бірақ, ойлағандай болмады. Мұндай қайшылықты философияда стихиялық пен саналылықтың диалектикасы деп атайды. Адам әрекет жасағанда оның мақсатын да және оның нәтижесі қандай болатынын да алдын-ала ойластыруы керек.

Философия да, тарих ғылымы да адамды, адамның әрекетін өмір сүрген ортасымен, өз уақытымен түсіндірмек болады. Өзін өзі ақтаған историзм принципінің мәнісі осы. «Әрбір адам, - Гегельдің ойынша, - өз уақытының түлегі... ол өз дәуірінен аттап өте алмайды». Орынды тұжырым. Бірақ адамзаттың бағына орай анда-санда өз уақытын басып озатын тұлғалар болады. Конфуцийді қытай халқы «он мың ұрпақтың ұстазы» деп, осы кезге дейін құрметтейді. Сократ та, Платон да, Руссо да, Кант та, Маркс те адамзатпен бірге жасай береді. Жап-жас Шоқанды тыңдырған істеріне, қалдырған мұрасына қарап, біз ол өмір сүрген ортамен, уақытпен түсіндіре алмай-

мыз. Шоқан ол ортаға сыймайды. Бүгін де бес томды құраған шығармаларын ол орыс тілінде жазды және қайта қарап, өңдеуге, түзетуге шамасы келмеді. Оқып отырсаң, тақырыптың кеңдігіне, мазмұнының тереңдігіне, ойлау және жазу стиліне таң қаласың. Міне, қайталанбайтын құбылыс. Шоқан біздер сияқты кабинетте отырып жазған оқымысты емес. Абай да - XIX ғасырдың екінші жартысы түгіл, XXI ғасырдың басында да ешкіммен де, ештеңемен де салыстыруға келмейтін, өзі айтқандай, «жұмбақ адам». «Әулие», «данышпан» деген сөздерді халық осындай сирек құбылыстарды сипаттау үшін қолданған шығар.

Тарих тағылымы деген ұшы-қиыры жоқ кең тақырып. Біз оның тек кейбір философияға жақын жақтарына тоқталдық.

Резюме

В статье анализируются сложившееся в стране новое отношение к своей истории, основные положения философского понимания истории, для чего человек обращается к истории и чему она может его научить.

Summary

There is analysis of the new developed attitude to the history in this work, the main theses of the philosophic understanding the history, for what the man turns to the history and what it can teach him.